**Жазушы Сейдахмет Бердіқұловты мәңгі есте қалдыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 2 желтоқсан N 1363

Көрнекті жазушы, журналист Сейдахмет Бердіқұловты мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы облысы әкімінің зират басына ескерткіш және С.Бердіқұлов тұрған Алматы қаласының Фурманов көшесіндегі 152-ші үйге мемориалдық тақта орнату туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Алматы облысы Жамбыл ауданының мектебіне С.Бердіқұлов

есімі берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі С.Бердіқұловтың екі томдық таңдамалы шығармалар жинағын шығаруды қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі спорт пен дене тәрбиесі туралы озық жарияланымдарға жыл сайын берілетін С.Бердіқұлов атындағы сыйлық тағайындайтын болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК